

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы**

Бұйрық

Ақтөбе қ.

№28

05.01.2020ж

**«2020 жылға МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымда
Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру туралы»**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9 тармағына сәйкес және «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, Ақтөбе қалалық білім бөлімінің 06.02.2020 жылдағы №158 «Қалалық мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарында Қамқоршылық кеңестерін құру туралы» бұйрығы негізінде

б ұ й ы р а м ы н:

1. МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымында қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылсын.
2. №39 «Достық» МДҰ-ның Қамқоршылық кеңесі ҚББ-нің бұйрығының қосымшасында көрсетілген құрамымен бекітілсін.
3. Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі жоғарыда аталған қағидаларына сәйкес жүргізілсін.
4. №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатыссын.
5. №39 «Достық» МДҰ-ның қызметкерлері Қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселер бойынша ақпаратты ұсынуға ықпал етсін.
6. Мектепке дейінгі ұйым жыл сайын қаржылық жылдың қорытындысы бойынша сол білім беру ұйымының интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қайырымдылық көмек қаражатын пайдалануы және қозғалысы туралы жұртышылықты хабардар етсін.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жұмыстарын өзіме қалдырамын.

№39 «Достық» МДҰ меңгерушісі:



Уркимбаева А.Ж.

